



3-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ӨНЕРІНЕ КІРІСПЕ

Кино өндірісі кезеңдері (жалғасы)





Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісі кезеңдері (жалғасы)
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Негізгі идеялар:

1. Барлық мамандық иелері мен топтарының нақты белгіленген міндеттері бар.
2. Киноиндустрияға жаңадан келген адамдар жұмысын көбінесе продюсердің көмекшісі қызметінен бастайды
3. Фильмге енбей қалған видео материал трейлер мен баспасөз құралдары үшін дайындалған электронды жинақтарда қолданылуы мүмкін
4. Түсірілім тақтасының дыбыс және бейне монтажі үшін маңызы зор.
5. Шамамен бір фильм орташа 100 минутқа созылатын болса киноүлдінің ұзындығы 2743 метрге тең. Ал бір фильмнің өңделмеген видео материалдарының қзындығы орташа 152 400 метрді құрайды.
6. Қазіргі таңда көптеген фильмдер алдымен 35 миллиметрлік киноүлдіге түсіріліп артынша цифрлық көшірме арқылы компьютерге ыңғайластырылуда. Осылайша цифрлық манипуляциялар арқылы фильмнің визуалдық көрнекілігі жақсартылуда. Фильм өндірісінің бұл әдісі «гибрид әдіс» деп аталады.
7. Түсірілім кезінде жазылған дыбыстың аз мөлшері ғана дайын фильмге енеді.

Фильмдер:

1. Михал Лещиловскийдің «Режиссер – Андрей Тарковский» атты документал фильмінен үзінді. 29:49 – 34:23. <https://www.youtube.com/watch?v=bBStA7IKpD8>
2. Джеймс Кэмеронның «Терминатор -2» фильмі.

Алдыңғы лекциямызда кино өндірісінің төрт кезеңі бар екенін, олардың Сценарий жазу және қаржыландыру кезеңі; Фильмді түсіруге дайындық жасау кезеңі; Түсірілім кезеңі; және Құрастыру кезеңі болып бөлінетінін айтқан болатынбыз. Бұлардың ішінде алғашқы екі кезеңді, яғни Сценарий жазу және қаржыландыру кезеңі мен Фильмді түсіруге дайындық жасау кезеңін түсіндірген болатынбыз.

Бүгінгі лекциямызда қалған екі кезең, Түсірілім кезеңі мен Құрастыру кезеңін қолға аламыз.

Түсірілім кезеңі

«Продакшн» термині фильмнің барлық үдерістеріне қатысты болса да, Холливуд режиссерлері оны түсірілім кезеңін атау үшін де қолданады. Яғни Холливуд киногерлері Түсірілім кезеңін продакшн кезеңі деп атайды.

Түсірілім кезеңінде мынадай мамандар мен жұмысшылар тобы өз міндеттерін атқарады.

Кинорежиссер **«кинорежиссердің тобы»** деп аталатын төменде көрсетілген жұмысшыларды басқарады:

Бұлардың бірі **сценарий супервайзері**. Бұл мамандық иесі әрбір кадр арасындағы жалғасымдылықтың барлық егжей-тегжейіне жауап береді. Супервайзер актерлердің көріністерін, мысалы соңғы көріністегі кейіпкердің пәлтөсінің түймесі түймеленген ба жоқ па» сынды маңызды факторларға жауап береді. Сонымен қатар аксессуарларды, жарық қоюды, қимыл-қозғалысты, камераның орналасуын және әр кадрға жұмсалған уақытты мұқият қадағалап, тексереді. Бұл мамандық иелері Холливудтың классикалық студия кезеңінде «сценарист қыз» деп те аталатын. Алайда қазіргі таңда Холливуд сценарий супервайзерлерінің бестен бірі ер адамдар. Бұл мамандық иесі фильм өндірісінде өте маңызды. Өйткені фильмдегі көптеген олқылықтар осы мамандық иесінің салдарынан пайда болып жатады.

Режиссердің бірінші көмекшісі немесе қысқаша айтар болсақ РБК, күн сайынғы түсірілім кестесін режиссермен бірге жоспарлайтын барлық іске шебер адам. РБК әр кадрды режиссердің мақұлдауына ұсынумен қатар актерлерді назарында ұстайды, қауіпсіздік техникасы шараларын орындап, энергия дәрежесінің жоғары болуын қадағалайды.

Режиссердің екінші көмекшісі – операторлар тобы мен электриктер тобын үйлестіретін буын.

Режиссердің үшінші көмекшісі – режиссер мен ұжым арасын байланыстырушы ретінде қызмет етеді.

Диалог нұсқаушы – актерлердің диалогтарын айтуына көмектеседі және өзге де актерлердің түсірілімдері кезінде кадрдан тыс кейіпкерлердің диалогтарын айтады.



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісі кезеңдері (жалғасы)
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Екінші план режиссері, негізгі түсірілімдер іске асып жатқан алаңнан тыс жерде – трюктерді, сыртқы кеңістік пен экшн көріністерін түсіреді.

Актерлік құрам – ұжымның көзге көп түсетін жұмысшылары. Актерлік құрамның қатарына алдымен басты рөлдерді сомдау үшін тағайындалған және көрермендерді тарту ықтималы жоғары танымал жұлдыздардың енуі мүмкін. Актерлер қатарына екінші дәрежелі рөлдерді немесе екінші пландағы кейіпкерлерді сомдайтын актерлер; шағын рөлді ойнайтын актерлер; және фигурандар, яғни көше бойымен өтіп бара жатқан немесе үлкен кеңселерде артқы планда орналасқан үстелдерді толтыру үшін іріктелген көпшілік те кіреді. Режиссердің басты жұмысы актерлердің перформансын қалыптастыру. Жоғарыда айтылып өтілген режиссердің бірінші көмекшісі көбінесе фигурандармен жұмыс істейді және көпшілік адам бар сахналарды ұйымдастыруға жауапты.

Кейбір фильмдерде бұдан әлдеқайда маманданған адамдарға арналған рөлдер бар. Мысалы каскадерлерді **трюк ұйымдастырушысы** басқарады; ал кәсіби бишілер **хореографпен** жұмыс істейді. Егер жануарлардың да рөлі болатын болса, оларға **жануар бапшысы** жауапты болады.

Бұдан бөлек мамандандырылған жұмыс тобы – **операторлар тобы** деп аталады. Бұл топтың лидері – бас кинооператор. Кинооператор – таспаға түсіру, жарық қою мен камера техникасының сарапшысы. Кинооператор режиссермен әр көріністің қалай жарықтандырылатыны мен түсірілетіні туралы кеңесіп отырады. Кинооператор төмендегі жұмысшыларды басқарады:

Фильмді түсіретін кинокамераның қолданушысы – **камераман**. Камераманның кинокамераға пленка жүктейтін, фокусты реттейтін және қадағалайтын, «долли» деп аталатын камера арбасын итеретін көмекшілері бар.

Жарық қоюшыларды басқаратын **бас жарық қоюшы**. Бұл жұмысшылар жабдықтарды, керек-жарақтарды, жиһаз бен жарықтандыру элементтерін тасиды, оларды құрастырып орнатады.

Жарық операторы немесе гаффер – шамдардың орналасуы мен орнатылуын бақылайтын бас электірші маман болып табылады.

Дыбыс жазу тобы операторлар тобымен қатар жүреді. Дыбыс жазу тобын фильмнің дыбыс операторы басқарады. Сондай-ақ оны дыбыс әрлеушісі деп те атайды. Дыбыс операторының басты міндеті – түсірілім кезінде диалогты жазып алу. Әдетте дыбыс операторы магнит таспалы немесе цифрлық диктофонды, микрофонның бірнеше түрін, кіріс сигналдарын теңгеру және үйлестіру үшін дыбыс аппаратын қолданады. Сондай-ақ ол актерлердің үндемейтін сәттерінде сырттан келетін дыбысты да жазып алуға тырысады. Бұл бөлме ішінен шыққан фондық дыбыс кейін диалог үзілістерін толтыру үшін қолданылады. Дыбыс операторлары тобының құрамы төмендегідей:

Бум оператор, бум микрофонын басқарып, ұсақ радио микрофонды актерлердің киіміне жасырып қояды.

Үшінші дыбыс операторы басқа микрофондарды орнатып, дыбыс кабельдерін тартып, сырттан келетін дыбысты басқаруға жауап береді. Сонымен қатар кейбір фильмдерде дайындық кезеңінен бастап жұмыс процесіне араласып, тұтас фильм үшін оңтайлы болатын дыбыс стилін жоспарлайтын дыбыс режиссері де еңбек етеді.

Визуалды эффект жасау тобын үрдіс кадр, миниатюралар, бүркеме кадр (matte work), компьютерлік графика және басқа да техникалық кадрларды дайындау мен іске асыруға жауапты визуалды эффектілер супервайзері басқарады. Жоспарлау кезеңінде режиссер мен қоюшы суретші қандай эффектілердің қажет екенін анықтайды, ал визуалды эффектілер супервайзері болса режиссермен, кинооператормен үнемі кеңесіп отырады. Визуалды эффект жасау тобы қуыршақ пен модель жасаушылардан бастап цифрлық композиция әзірлейтін мамандардан құралған жүздеген жұмысшылардан жасақтала алады. Әдетте көп эффектілер қолданылатын фильмдердің жұмысы арнайы маманданған фирмаларға тапсырылады.

Аралас жұмысшылар тобында гриммерлер мен костюмерлер, шаш түзеушілер, актерлер мен түсірілім тобын тасымалдайтын жүргізушілер бар.

Түсірілім кезінде продюсерге «**продюсердің командасы**» деп аталатын топ өкілдік етеді. Бұл жерде



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісі кезеңдері (жалғасы)
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

тамақтандыру, тұрғылықты орынмен қамтамасыз ету сияқты күнделікті мәселелерді ұйымдастыратын атқарушы продюссердің маңызы зор.

Бухгалтер (немесе аудитор), шығындарды қадағалап отырса, хатшы – бөлімдер мен продюссер арасындағы телефон қоңырауларын үйлестіреді, ал продюссердің көмекшілері берілген тапсырмаларды орындайды. Киноиндустрияға жаңадан келген адамдар жұмысын көбінесе продюссердің көмекшісі қызметінен бастайды.

Сахналар және дубльдер

Жоғарыда аталған жұмыстарды іске асыруға жұмсалған күш жігердің нәтижесінде жүздеген сағат бойы түсірілген видеоматериал мен дыбыс жазбасы пайда болады. Әдетте режиссер сценарийде немесе сценарийдің суретті жобасында жазылған әр кадрдың бірнеше дублін немесе нұсқасын түсіреді. Мысалы, егер дайын фильмге актердің бір сөйлемді ғана айтқан жері бейнеленген кадр қажет болса, режиссер актерді сол сөйлемді әр түрлі мәнерде жеткізуін сұрай отыра бірнеше дубль жасай алады. Алайда тек бір дубль ғана немесе соның бір бөлшегі ғана тәмамдалған фильмге кадр ретінде қосылады. Фильмге еңбей қалған видео материал трейлер немесе баспасөз құралдары үшін дайындалған электронды жинақтарда қолданылуы мүмкін.

Сахналардың сюжетте көрсетілген тәртіпке сай түсірілетін кездері сирек болғандықтан режиссер мен түсірілім тобы әр кадрды қандай да бір амалды қолдана отырып, таңбалауы тиіс. Камера іске қосылғаннан кейін, кинооператордың қызметкерлерінің бірі объективтің алдында түсірілім тақтасын ұстап тұрады. Түсірілім тақтасына фильмнің аты, сахна және дубль нөмірі жазылады. Түсірілім тақтасын қолданғанда оның үстіне бекітілген ашылып-жабылатын таяқшадан шығатын сырт еткен қатты дыбыстың арқасында дыбыс операторы құрастыру фазасында дыбыс трегін түсірілген видео материалдармен синхрондай алады. Осылайша алдағы уақытта әр дубльді анықтауға болады.

Сахнаны түсірген кезде режиссерлер мен техниктердің көбі ұйымдастырылған тәртіпті ұстанады. Түсірілім тобы жарық қойып, дыбыстың жазылуын тексеріп жатқанда, режиссер актерлермен репетиция өткізіп, кинооператорға нұсқау береді. Дәл осы тұста документалист режиссер Михал Лещиловскийдің 1986-жылы шыққан «Режиссер – Андрей Тарковский» атты документал фильмінен бір үзіндіні тамашалайық. Фильмде режиссер Андрей Тарковскийдің «Құрбандық» атты соңғы фильмін қалай түсіргені жайында. Ал біз көретін сахнада, Тарковскийдің актерлермен жұмыс істей тәсілі бейнеленген.

Михал Лещиловскийдің «Режиссер – Андрей Тарковский» атты документал фильмінен үзінді. 29:49 –

Құрастыру кезеңі

Киногерлер құрастыру кезеңін «постпродакшн» деп атайды. Алайда бұл кезең түсірілім жұмыстары аяқталысымен басталмайды. Әдетте, постпродакшн құрамының мүшелері түсірілім барысында сахнаның артында жұмыс істейді. Цифрлық постпродакшн құралдары пайда болғалы бері көптеген кинорежиссер алғашқы түсірілімінің артында монтаждау, дыбыс миксажы мен арнайы эффектілерді жасауды, сондай-ақ басқа да маңызды істерді бастап кетуді жөн көреді.

Бейнені монтаждау

Түсірілім басталғанға дейін кинорежиссер немесе продюссер монтажерді жалдауы мүмкін. Бұл маман түсірілім кезінде алынған дубльдерді каталогтайды және жинақтайды. Сондай-ақ монтажер видео материалдарды ең оңтайлы түрде монтаждау және көркем шешімдер қабылдау үшін кинорежиссермен бірге жұмыс істейді.

Әр кадрға бірнеше дубльдің жасалуы, фильмнің сюжет тәртібіне сай түсірілмеуі, негізгі-план/ракурстау ұстанымының өте көп кадрды қалыптастыруы монтажердің жұмысын қиындатуы мүмкін. Шамамен бір фильм орташа 100 минутқа созылатын болса киноүлдінің ұзындығы 2743 метрге тең. Ал бір фильмнің өңделмеген видео материалдарының қзындығы орташа 152 400 метрді құрайды. «Әлеуметтік желі» атты фильмнің постпродакшн жұмыстарына, ұзындығы 470 000 метрден астам түсірілім видеоматериалдары жіберілген болатын. Сондықтан да Голливудтың ірі өнімдерінің постпродакшн үрдісі көбінесе 7 айға



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісі кезеңдері (жалғасы)
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

созылады. Бұл үрдіске кейде бірнеше монтажер мен көмекші шақыртылады.

Әдетте, түсірілген материалдар монтажердің қолына барынша тез арада ұласады. Бұл видео материалдар «күнделікті немесе ағымдағы кадрлар» деп аталады. Монтажер күнделікті кадрларды тексереді де, бейне мен дыбысты синхрондау және бейнелерді кадрға сай сұрыптау жұмыстарын «монтажердің көмекшісіне» тапсырады. Монтажер күнделікті кадрларды пысықтау үшін режиссермен кездеседі немесе түсірілім өндірісі шалғайда орналасқан жағдайда режиссерді түсіріліп алынған материалдың сапасы туралы хабардар етеді. Түсірілімді қайта өткізу қымбатқа түсіп, көп әуреге салатындықтан фокус, экспозиция, жиектеу сынды әр түрлі визуалды факторларға қатысты туындаған проблемаларды анықтау үшін күнделікті кадрларды тұрақты түрде тексеру өте маңызды. Күнделікті кадрлардың арасынан режиссер үздік дубльдерді таңдап алғанда монтажер оларды жазып алады. Ақшаны үнемдеу мақсатында «күнделікті цифрлық кадрлар» продюсер мен режиссерге жиі көрсетіледі, алайда видеоның кішкентай мониторы материалдың түпнұсқаларындағы ақауларды көрсете алмайтындығы үшін монтажерлердің көбі кадрлерді алдын-ала үлкен экранда тексеріп алады.

Монтажер түсірілім материалдары жиналған сайын олардан алдымен шимай-монтаж жасап шығарады, яғни реттілігі сақталмаған, дыбыс эффектілері мен музыкасы жоқ кадрлер нұсқасын бір-біріне жалғайды. Әдетте шимай-монтаж нұсқасының ұзақтығы көп уақытқа созылады, «Ақырзаман» (Apocalypse Now) фильмінде ол – 7½ сағатты құрады. Монтажер кинорежиссермен кеңесе отырып, шимай-монтаж нұсқасын негізге ала отырып, көркем монтаж немесе соңғы монтаж нұсқасын даярлайды. Қолданылмай қалған кадрлар фильмге енбеген түсірілім материалдарын түзеді. Соңғы монтаж нұсқасы дайын болғанда, екінші топтың кадрлері белгілі бір бос жерді толықтыру үшін кадрлер арасына кіріктіріледі. Бұл кадрлер көбінесе қашықтан түсірілген қалалар мен әуежайлардың жалпы пландары немесе нысандардың ірі пландары және тағы басқалар. Осы кезде жасалған қосалқы түсірілімдер де кадрге алынады. Бұлар – негізгі түсірілім үдерісі барысында жасалмаған дубльдер мен қосымша видеоматериалдар. Содан кейін титрлар даярланып, зертханалық жұмыстар, я болмаса арнайы эффектілер жасалады.

Монтажерлер 1980 жылдардың орталарына дейін фильмнің жұмыс нұсқасын, яғни камерадан алынған негативтен басып шығарылған видеоматериалдарды кесіп, оларды желімдеген болатын. Ондай жағдайда, өз нұсқаларын жасау үшін монтажерлерге кадрларды қолмен қайта орналастырып шығуға тура келетін. Қазіргі кезде фильмдердің дерлігі цифрлық тәсілмен монтаждалады. Негативтегі әрбір видеоматериал қатты дискіге көшіріледі. Монтажер әр дубльге қатысты ескертпелерін компьютер дерекқорына енгізеді. Монтажер, кез келген бір кадрді алып, оны өзге кадрлермен біріктіре алады, кесе алады немесе «қоқыс жәшігіне» тастай алады.

Монтажердің командасы түсірілген видеоматериалдарды рет-ретімен орналастырып жатқанда, бұл топтың басқа мүшелері компьютердің көмегімен кадрлердің сапасын жақсарту жұмыстарымен айналысады. Видеоматериал киноүлдірге түсірілген жағдайда компьютер цифрлық көшірме жасау үшін кадрларды рет-ретімен сканерлейді. Цифрлық көшірмені әртүрлі тәсілді қолдана отырып басқаруға және ең бастысы кадрлардағы жарықтандырудың мөлшері мен түстерін өзгертуге болады. Мақсат – тәуліктің әр кезінде немесе әртүрлі жерлерде түсірілген кадрларды бір-біріне бүкіл көріністің өн бойында үйлесіп тұратындай етіп жалғау. Мұндай міндеттер цифрлық түс градациясының көмегімен іске асырылады және бұл жұмысты колорист атқарады. Бұрын кинооператор және негативпен жұмыс істейтін зертханашының фотолабораторияда атқаратын міндеттері ендігі жерде колористке жүктелуде және бұл жұмыстардың екеуі де цифрлық көшірме арқылы іске асады. Қазіргі таңда түсірілім алаңында проблема туындаса, фильмді түсіру жалғастырыла береді де, түсірілім тобы «біз бұны компьютерде түзетеміз» деген шешім қабылдайды.

Десек те 35 миллиметрлік киноүлдірмен фильмдерін түсіретін кейбір кинорежиссерлер әлі де болса бар. Олар алдымен фильмдерін 35 миллиметрлік киноүлдірге түсіріп алады. Сонан соң цифрлық көшірме арқылы компьютерге ыңғайластырылады да, цифрлық манипуляциялар арқылы фильмнің визуалдық көрнекілігін жақсартады. Мысалы Жак Одиардың «Пайғамбар» атты фильмі 35 миллиметрлік киноүлдірге түсіріліп, цифрлық көшірмеге ауыстырылды; артынша фильм Канн кинофестивалінде көрсетілді. Фильмнің экрандағы көрінісіне тәнті болған Одиар, «Бұл 35 миллиметрлік киноүлдірдің сұлулығын арттыра түскен керемет гибрид» деген болатын. Бірқатар кинорежиссер мен кинооператор Одиардың «гибрид» тәсілге деген шабытты көңіл-күйін бөлісуде.

Арнайы эффектілер



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісі кезеңдері (жалғасы)
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Киногерлер арнайы эффектілерді жасау үшін компьютерлік бейне графикасын қолданады. Компьютерлік бейне графикасы, назарды басқа жаққа бұратын фон элементтерін жою немесе бірнеше көрерменді «көпшілік топ» қылып көрсету сияқты қарапайым тапсырмаларды іске асырады. Джордж Лукастың «актер қолайсыз уақытта кірпік қағар болса, оның бұл әректін цифрлық аппаратурамен өшіруге болады» деген сөзі бар. Киноүлдір арқылы іске асырылуы мүмкін емес бейнелер, компьютерлік бейне графикасы арқылы қалыптасуда. Компьютерлер «Хоббит» және «Сақиналар иесі» фильмдеріндегі Голлум сияқты шынайы көрінетін кейіпкерлерді жасап шығарды. Компьютерлік бейне графикасының дамуынан ең көп пайдаланған жанрлар қиял мен ғылыми фантастика фильмдері болса да, актердің күлкілі мультипликациясы көрініс тапқан «Чарли мен шоколад фабрикасы» атты фильмінен бастап, «Қатардағы әскер Райанды құтқару» фильміндегі цифрлық жолмен күшейтіле түскен Омаһа жағалауында өтетін қорқынышты шынайы шайқасқа дейінгі барлық фильм жанрлары үшін пайдалы болды. «Бенджамин Баттонның жұмбақ жағдайы» атты фильмде компьютерлік бейне графикасы гримді алмастырып, Брэд Питт пен Кэйт Бланшетт екеуіне өз кейіпкерлерін жастық шағынан қартайғанға дейінгі шынайы түрлерін бейнелеп шығуларына көмектесті.

Дыбыс монтажи

Кадрларларды белгіленген тәртіпке сай реттестіріп, соңғы нұсқаға жақын күйге келтіргеннен кейін, дыбыс монтажеріне дыбыс трегін жасау міндеті жүктеледі. Кинорежиссер, композитор, видео және дыбыс монтажерлері фильмді көріп, «дыбыс орындарын белгілеу» (spotting) деген атпен білінетін үрдіс арқылы музыка мен эффектілерді қалай орналастыру жайын келіседі. Дыбыс монтажерінің қол астында диалог пен музыка миксажи немесе дыбыс эффектілерін жасаумен айналысатын қызметкерлерден құралған топ болуы мүмкін.

Таңғаларлық болып көрінсе де түсірілім кезінде жазылған дыбыстың аз мөлшері ғана дайын фильмге енеді. Әдетте диалогтардың жартысы немесе одан да көп бөлігі постпродакшн кезеңінде «диалогты автоматты орналастыру» деген атпен белгілі үрдісті қолдану арқылы қайтадан жазылады. Диалогты автоматты орналастыру, көбінесе түсірілім дыбысына қарағанда, сапалы дыбысты қалыптастырады. Дыбыс монтажері түсірілім алаңында жазып алған дыбыс трегін бағдар ретінде қолдана отырып студияда актерлерге өз сөздерін қайтадан айтқызып, жазып алады. Бұл жұмыс – дубляж немесе түпнұсқаны қайта жазу деп аталады. Көпшіліктің жан-жақтан қабаттаса сөйлегені, яғни «көпшілік шуы» деген атпен белгілі дыбыстар сияқты синхрондалмаған диалогтар да кейіннен студияда жазылады.

Мысалы, бір фильмді көріп отырғанда естілетін дыбыстардың аз ғана түсірілім барысында жазылып алынады. Дыбыс монтажері дыбыс эффектілерін фонотека жинақтамасындағы дыбыстарға сүйене отырып немесе фильмге арнайы түрде ерекше эффект ойлап табу арқылы қосады. Әдетте дыбыс монтажерлері қадам жасағанда, көлік қақтығысы кезінде, тапаншадан оқ атылғанда және жұдырықпен адам денесін ұрғанда шығатын дыбыстарды әр түрлі әдіс-тәсілді пайдалана отырып қалыптастырады. Мысалы «Терминатор-2» фильмінде Т-1000 киборгы түрменің темір торы арқылы өтіп бара жатқанда шыққан дыбыс – негізінен итке арналған консервідегі азықты баяу сырғытып шығарған кездегі дыбыс.

«Терминатор -2» фильмінің тақырыппен байланысты жері көрсетіледі. 1:03:20-1:03:50

Дыбыс эффектілерін жасайтын техниктердің дыбысты есту түйсігі сезімтал келеді. Тәжірибелі бір дыбыс техникі есіктерден шығатын дыбыстардың арасындағы айырмашылықты былай түсіндіреді: «Ваннаның есігінің ауа ағыны ішкі бөлменің есігіне қарағанда аз болады. Кіреберіс есігінің дыбысы қатты шығуы тиіс, сіз есік тілшесінің сырт еткен дыбысын естуіңіз қажет. Есікті жәй жаба салмаңыз, дұрыстап жапқаныңызға сенімді болыңыз.»

Бейнені монтаждау үрдісі сияқты заманауи дыбыс монтажи да компьютерлік технологияларға сүйенеді. Монтажер жазып алған дыбыстарды дерекқорда сақтап, өзі қалаған кез-келген ретте топтастырып, қайтадан реттеуден өткізе алады. Дыбыс сапасын жоғары және төмен жиілігі кемітіліп, дыбыстың жоғарылығы, жаңғырықталуы, теңестірілуі немесе жылдамдығын өзгерту арқылы цифрлық жолмен түрлендіруге болады. «Қызыл Қазан» сүңгуір қайығының ізіне түсу» атты фильмдегі су асты экшінін түсірген кезде шыққан гуіл мен дүрсіл, сүңгуірлердің қауызға сүңгуі сынды дыбыстар – бақша суаратын шлангтан буырқанып аққан су және Диснейлендтегі ауа салқындатқыштың гуілі сияқты жерүсті дыбыс көздерінен алынып, баяулатылып, қайта өңделген еді. Фильмдегі бір техник-маман дыбысты цифрлық



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Кино өндірісі кезеңдері (жалғасы)
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

жолмен монтаждауға «дыбысты мүсіндеу» деп баға береді.

Дыбыс трегін жазуға арналған орынды анықтап алған соң, фильмнің композиторы құрастыру жұмыстарын іске асыруға кіріседі. Композитор музыканың қай жерде басталып және қаншалықты ұзақ болатынын нақты түрде белгілейтін ескертпе парақтарын жасайды. Композитор оркестірді жеке өзі басқармаса да партитураны жазып шығады. Композитор өз жұмысын атқарып жатқанда бастапқы монтаж нұсқасы «уақытша дыбысталумен», яғни жазылып алынған әндер мен классикалық туындылардан жасалған музыкалық сүйемелдеумен синхрондалады. Музыканттар шығарманы монтаждың соңғы нұсқасымен синхрондалған метроном соққылары арқылы жасалған клик-тректің көмегімен таспаға жазады.

Цифрлық форматта түсірілген фильмдерді постпродакшн кезеңінде фотоохимиялық қорға орналастырудың қажеті жоқ. Кинорежиссер мен кинооператор фильмнің негізгі нұсқасын бекіткеннен кейін ол кинотеатрларға берілетін Цифрлық Кино Топтамасына түрлендіріледі. Содан кейін оларды DVD, Blu-ray, ағымдық және басқа да платформаларға арналған видео форматтарына айналдыруға болады. Әдетте жоғарыда аталған түрлендірулерді іске асыру үшін түс, сапа мен дыбыс балансына қатысты жаңа шешімдерді қолдану қажеттілігі туындайды. Дайын фильмнің негізгі нұсқасы фильмді даярлау үшін қолданылған барлық материалдар мен түсірілім видеоларымен бірге мұрағатта сақталады. Алайда цифрлық медиа форматындағы фильмнің де кемшін жағы бар. Олардың қызмет ету мерзімі қысқа. Сондықтан, киностудиялардың көбісі дайын фильм мен түсірілімнің аса құнды қосымша видеоматериалдарын 35-миллиметрлік үлдірде сақтауды жөн көреді.

Арнайы нұсқалар

Фильмнің соңғы прокатқа шығарылатын нұсқасы құрастырылып болған кезде де продакшн жұмысы аяқталмайды. Постпродакшн ұжымы продюсер және кинорежиссермен кеңесе отырып, фильмнің спутниктік және телевизиялық таралымға арналған нұсқаларын дайындайды. Табысты фильмнің режиссерлік немесе кеңейтілген нұсқасы диск күйінде шығарылады. Кей жағдайларда фильмнің әр түрлі елге әр түрлі нұсқалары әзірленеді. Стенли Кубриктің «Шарадай жұмылған көздер» (Eyes Wide Shut) атты фильмінің жалаңаш жұптардың алдыңғы планнан түсірілген көріністері цифрлық фигуралармен бұғатталған америкалық нұсқасымен салыстырғанда еуропалық нұсқасында ашық-шашық эротикалық көріністер көбірек көрсетілген.

Мінекей кино өндірісін жалпылама қолға алған лекцияларымыздың да соңына келдік. Жалпы кино өндірісі әрі қызықты әрі кзге өндірістерден оншалықты айырмашылығы жоқ индустрия. Яғни бір автокөлік индустриясы мен кино индустриясы арасында оншалықты көп айырмашылық жоқ. Бұл тақырыпқа кейіннен тоқталып өтетін боламыз.

Кино өндірісі жайында режиссерлер не ойлайды? Бұл жайында фильмдер бар ма?

Кино өндірісі үдерісімен байланысты көптеген қойылымды фильмдер түсірілген. Федерико Феллинидің «8½» атты фильмі түсірілімі басталмай жатып өндірістен алынып тасталған фильмнің препродакшн сатысын тақырып етіп алады. Франсуа Трюффоның «Американ түні» (Day for Night), Дэвид Мәметтің «Кадрдан тыс өмір» (State and Main), Кристофер Гесттің «Сіздің төрелігіңізде» (For Your Consideration) және Том ДиСильонның «Ұмытылған өмір» (Living in Oblivion) атты фильмдері бір фильмнің түсірілім кезеңін қолға алады. Брайан Де Пальманың «Жарылыс» (Blow Out) фильміндегі экшн, аз бюджетті триллердің дыбысын монтаждау үрдісі іске асып жатқан уақытта орын алады. «Жаңбыр астында ән салғандар» (Singin' in the Rain) фильмінде бір фильмнің тұтас түсірілім үрдісі қалай өткені көрсетіліп, соңғы кадрда орасан зор жарнама қалқаны пайда болады.

Қосымша ресурстар:

1. Ellis, Jack C. (1995). A History of Film. 4th Edition. Boston, London, Toronto, Sydney, Tokyo & Singapore: Allyn and Bacon.
2. Nowell-Smith, Geoffrey (1999). The Oxford History of World Cinema. Oxford University Press.
3. Pechter, William S. (1971). Twenty-four Times a Second: Films and Film-makers. New York. Evaston & London: Harper & Row Publishers.
4. Pirie, David (Ed.) (1981). Anatomy of the Movies. Inside the Film Industry: The Money, the Power, the People, the Craft, the Movies. New York: Macmillan Publishing Co., Inc.
5. Robinson, David (1974). The History of World Cinema. New York: Stein and Day Publishers.